Балалар еңбегін әлеуметтік қорғау және оған бақылау жасау комитеті Астана және Алматы ққ, облыстарындағы барлық қалаларда халықты әлеуметтік қорғау және бақылау жасау департаменттерінің деңгейінде қарастырылады. Департамент құрамына еңбек заңнамасының бақылау басқармасы, әлеуметтік қамтамасыз ету орталығы, дәрігерлік сараптама сияқты бөлімшелер кіреді. Халықты әлеуметтік қорғау және бақылау жасау департаментінің мемлекеттік инспекторы заңға сәйкес Қазақстанның барлық ірі қалалары мен аудандарында жұмыс істейді. Халықты әлеуметтік қорғау және бақылау жасау департаменті инспекторлық қызметтен басқа, яғни балалар еңбегі мониторингіне тексеріс кезіндегі басты құрал ретінде пайдаланады. Кейде маңызды жағдайларда ол балалар еңбегінің немқұрайлылығын көрсетеді.

Халықаралық еңбек ұйымы балалар құқығын қорғау комитеті халықты әлеуметтік қорғау және бақылау жасау департаменті деңгейінде жұмыс істеп, ол Астана және Алматы қалаларының барлық облыстарында құрылған. Осы Халықты әлеуметтік қорғау және бақылау жасау департаменттің құрылымына басқа да кішігірім бөлімшелер де кіреді, олар балалар құқығын қорғау бөлімшелері және мониторингке жауаптылар және бұқаралық-ақпарат қызметкерлері осы мемлекеттік органдардың жағдайы халықты және балалар еңбегін қанауды жою мәселелерін қарастырады. Онда балалар еңбегінің өте жаман түрін түп-тамырымен жою міндеті саласында жұмыстар жүргізеді. Сонымен бірге, айта кету керек, яғни департамент инспекциялық қызмет атқармайды және олардың тексеріс жұмыстары да шектеулі, негізінен олардың ең басты мүмкіндіктері жеке тұлғалар және құқық қорғау саласындағыларға нақты мәлімет беріп отыру, сонымен заңсыз балалар еңбегін пайдалануға бақылау жасау Комитетті және халықты әлеуметтік қорғау ұйымын салыстырғанда олар балалар еңбегін қанау мониторинг шараларының көп бөлігінде қарастырылған, дегенмен бұл олардың нақты мәліметтерінде көрсетілген балаларды басқа бағытқа бағыттау шараларын жүргізу ұйымдарының мүмкіндіктері бойынша, яғни балалар құқығын қорғау департаментінің құрылымы әлеуметтік және құқықтық мәселе бойынша балаларға құқықтық немесе психологиялық кеңестер беруді міндеттейді, сонымен бірге өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға да осындай көмектер көрсетіп отырады.

Сонымен ескере кететін жәйт, осы мемлекеттік органдар балалар құқығын қорғау қызметі барысында мемлекеттік емес ұйымдармен де белсенді байланыс жүргізіп отырады.

Астана және Алматы ққ, жергілікті атқарушы мекемелері бұрын балалар еңбегінің өте жаман түріне тартылған жеткіншектерді басқа бағытқа бағыттайтын балалар еңбегі мониторингі үшін ең маңызды орында. Бұл жоспардағы қызығушылық танытып отырған мүдде олардың басқаруында, яғни әлеуметтік бағдарлама және білім беру мәселесімен айналысады. Осындай жағдайда басқарма халықты әлеуметтік қорғау және қызмет көрсету мәселесіне жауапкершілік танытып отырады, ал басты айтылатын мәселе оларда қызмет істеп тұрған құрылымдар облыстық бюджеттен емханаға жіберілген балаларға (Астана және Алматы ққ,) әлеуметтік көмек және әлеуметтік жәрдем ақы төлеу. Ал білім беру басқармасына қатысты мәселеде олар балаларға міндетті түрде орта мектепте білім алу үшін мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға көмек көрсетіп отырады, сонымен бірге отбасылық қамтамасыз етілуі төмен балаларға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға мемлекет тарапынан қаржылай және материалдық көмек көрсетіледі.

Астана және Алматы ққ, жергілікті атқарушы органдары жанынан кәмілеттік жасқа толмаған балалар ісі және олардың құқығын қорғау туралы ведомство аралық комиссия құрылды. Мұндай шешімнің талаптарына сай құрамына тиісті маслихат депутаттары, ішкі істер органдарының қызметкерлері, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет, еңбекпен қамтамасыз ету органдары, қамқоршы және қамқорлыққа алу, қоғамдық және басқа да қызығушылық танытып отырған ұйым мүшелері кіреді. Алайда басты ескерілетін мәселе, яғни осы мекемелердің басты міндеті кәмілеттік жасқа толмаған балалардың құқық бұзушылықтарына бағытталған және баспанасыз қаңғыбас балалармен іс-шаралар жүргізу болып табылады. Сонда да балалар құқығын қорғау комитетінің құрылуы және оның департаменттері балалар құқығын қорғау қызметіне бағытталған күнделікті ұйым негізі болып есептеледі.

Жоғарыда айтылған мемлекеттік органдардың басты құрылымы балалар еңбегі мониторингіне байланысты Қазақстанда прокуратура және ішкі істер органдары да атқарады. Оларға балалар еңбегінің өте жаман түріндегі құқықты бұзғаны үшін үндеу, шағым келіп түседі. Сонымен бірге полиция қызметкерлері тарапынан жүргізілген қылмыстық-іздістіру жұмыстарының нәтижесі де жіберіліп отырады. Сонымен бірге жеке жағдайларда балалар еңбегі мониторингі жұмыстарының нәтижесі бойынша құқық қорғау органдарынан өте жаман түрдегі балалар еңбегіне қатысты және кәмілеттік жасқа толмаған балалардың қылмысына байланысты ақпараттар да жіберіліп отырады.

Астана және Алматы ққ, жергілікті облыстары деңгейіндегі өкілдер республикалық жұмыс берушілер және кәсіподақтармен бірге жұмыс істейді. Осындай жағдайда Қазақстан Республикасының жұмыспен қамтамасыз ету Конфедерациясы және оның рөлін бөлімшелер ассоциация және одақтар Конфедерация құзырлары орындайды. Қазақстан Республикасының жұмыспен қамтамасыз ету Конфедерациясы құрамына 14 облыстық бірлестіктер және Кәсіподақтар Одағы кіреді. Кәсіподақтар және аймақтық өкілдердің еңбекті қорғау қоғамдық инспекторлары балалар еңбегі мониторингі процесіне қатысып және ондағы жұмыс орнын игеруге болады.

2.2.3. Жергілікті деңгей

Осы аталмыш деңгейдегі ең басты мекеме ауылдық елді-мекен, аудандар мен қалалардағы жергілікті атқарушы ұйым болып есептеледі. Жергілікті атқарушы мекемелердің құрылымына білім беру бөлімшелері кіреді. Осындай жағдайда басқарма халықты әлеуметтік қорғау және қызмет көрсету мәселесіне жауапкершілік танытып отырады, ал басты айтылатын мәселе оларда қызмет істеп тұрған құрылымдар облыстық бюджеттен емханаға жіберілген балаларға (Астана және Алматы ққ,) әлеуметтік көмек және әлеуметтік жәрдем ақы төлеу. Ал білім беру басқармасына қатысты мәселеде олар балаларға міндетті түрде орта мектепте білім алу үшін мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға көмек көрсетіп отырады, сонымен бірге отбасылық қамтамасыз етілуі төмен балаларға мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға мемлекет тарапынан қаржылай және материалдық көмек көрсетіледі. Сонымен бірге жергілікті атқарушы мекемелер облыстар мен қалалардағы қамқоршы және қамқорлыққа алу мәселелерін де тексеріп отырады. Қалалар мен аудандардың акимат бөлімшелерінде кәмілеттік жасқа толмаған балалар ісі жөнінде ведомство аралық комиссия құрылған. Басқа мекемелер ішінде жергілікті деңгейде аудандық ішкі істер бөлімшесін айту керек. Оның құрылымына кәмілеттік жасқа толмаған балалар ісі жөніндегі инспектор және прокуратураның аудандық органдары кіреді.

Көпшілігінде мамандабаған мемлекеттік емес ұйымдар кішігірім жергілікті мекендер және аудан деңгейінде сонымен бірге, өздерінің күнделікті өкілдері жоқ және кәсіподақтары Қазақстан Республикасының Кәсіподақ Конфедерациясы аудандық және қалалық ұйымдардың әдетіне айналған.

2.3. Балалар еңбегі мониторингіне қатысты бағдарламалар мен жоспарлар

Осы уақытта мемлекеттік мекемелердің қызметін жоспарлаудың негізгі құралы олардың стратегиялық жоспары болып табылады. Олар халықты әлеуметтік қорғау және балалар еңбегі мониторингі, ғылым және білім министрлігі, жергілікті атқарушы ұйымдар және олардың басқармалары бекітілген. Сонымен бірге, комитеттер министрліктер деңгейінде стратегиялық жоспардың жабдығын пайдалану қарастырылған. Мұндай жағдайда жұмыстың жыл сайынғы жоспары қабылданады, сонымен қатар тексеріс нәтижесі мерзімдік жоспар (жылдық, мерзімдік, ай сайынғы). Дегенмен ескеретін жәйт, яғни балалар құқығын қорғау комитетінің жүргізген тексеріс жоспары және оның департаменттері білім беру ұйымдарымен шектеліп отырады, өйткені олардың жоспары тексерісі басқа ұйымдарда қаралмайды.

Сонымен бірге, керек жағдайда мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік және салалық бағдарламалар қабылдауға мүмкіндігі бар. Балалар еңбегі мониторингісіне қатысы бар өмір сүріп жатқан мемлекеттік бағдарлама, тек 2011-2020 жылдарда Қазақстанда білімді дамыту Мемлекеттік бағдарламасын ғана ескеруі мүмкін. Дегенмен, балалардың еңбек ету қызметіне қатысты даму жолдары онда көрініс тапқан жоқ. Сонымен бірге, осы уақытта балалардың заңсыз еңбегі мәселесіне қатысты тек салалық бағдарламаның шектеулі жиынтығы ғана бар. Оның ішінде жекелей айтуға болатын 2007-2011 жылғы «Қазақстан балалары» Бағдарламасы, ол 2007 жылы 21 желтоқсанда № 1245 Үкімет қаулысымен бекітілген. Онда өте жаман түрдегі балалар еңбегін түп-тамырымен жоюға қатысты біршама

міндеттер мен іс-шаралар айтылады. Жекелей, аталмыш Бағдарламадағы Жоспар шараларында балалардың талапқа сай білім беру, дәрігерлік және әлеуметтік көмек көрсетумен қамтамасыз ету жағдайы туралы бөлімдер бар. Балалар еңбегі тақырыбына қатысты осы Бағдарламаға тағы бір мысал келтірер болсақ – бұл Бағдарлама жұмыс бастылығы 2011-2020 жылғы 31 наурыздағы № 316 Үкімет қаулысымен бекітілген. Ондағы басты қаралған мәселе ауылдық жерлерде жастардың жұмыссыздығын жою.

2.4. Балалар еңбегі мониторингінің ақпараттық қамтамасыздығы

Балалар еңбегіне қатысты алдын-ала берілген мәліметтер балалар еңбегі мониторингісін жүргізу үшін ең маңызды көрініс болып табылады. Онда балалар еңбегін заңсыз пайдалану барысында аймақтық көлемі мен негізгі орны аталып көрсетіледі. 2006-2008 жылдардағы халықаралық және мемлекеттік емес ұйымдар Қазақстанда балалар еңбегі мәселесіне қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Балалар құқығын қорғау комитеті және ОО «Союз женщин интеллектуального труда»² бірікке мақаласында 2008 жылы осы кейбір зерттеудің нәтижелері жүргізілді. Сонымен қатар, бұрын жүргізілген тексеріс сұрақтары қазіргі таңда өз күшін жойған. Сонымен бірге, бұқаралық-ақпарат құралдарының қол жетімді нәтижесі балалар еңбегі саласындағы жекелей тексеріске негізделген, яғни инспекторлар, прокуратура қызметкерлері және ішкі істер органдары қызметкерлері жүргізеді. Олар жеке аймақтарда балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жерлерде балалар еңбегін қанаудағы жақсы ақпараттық дерек көзі болып табылады. Алматы қаласындағы тексерістің нәтижесі, яғни онда ұсақ және орташа кәсіпкерліктерде, қызмет көрсету және құрылыс саласында балалар еңбегін пайдалану фактілері кездеседі. Ол мынадай жерлерде кездеседі, көше базарлары, жанар май құю бекеттері, көлік жуу, техникалық қызмет көрсету орталығы, автотұрақ, қоғамдық көліктер және кішігірім құрылыс.

Осы уақытта Балалар еңбегі мониторингісінің толық және жаңартылған мәліметтері «2010 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалар құқығын қорғау саласындағы негізгі көрсеткіш» Жинағында көрсетілген. Аталмыш анықтама беруші материал білім және ғылым министрлігінің балалар құқығын қорғау Комитеті даярлап баспадан шығарған және аталмыш ұйымның веб сайтында да бар (www.bala-kkk.kz). Жалпы алғанда, Жинақта кең көлемде статистикалық мәліметтер келтірілген. Жекелей айта кететін мәселе, яғни балалар еңбегін заңсыз қанау туралы аймақтық мәліметтер және жалпылама мәліметтер келтірілген. Балалар еңбегі мониторингін жүргізу үшін тағы бір маңызды дерек – ол балалардың мектепке қатынасуының есептік мәліметтері. Бұл мәліметтер де «2010 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалар құқығын қорғау саласындағы негізгі көрсеткіш» Жинағында көрсетілген. Сонда да, ескере кету керек, яғни бұл статистикалық мәліметтер жұмыс істеулеріне байланысты балалардың мектепке бармау себебінен толық мәліметтер бере алмайды, сол үшін балалар еңбегі мониторингін жүргізу үшін аталмыш ақпараттарды пайдалануда бірнеше қиындықтар тудырады.

² «Наихудшие формы детского труда в Республике Казахстан: оценка ситуации и предпринятых мер. Комитет по охране прав ребенка МОН РК и ОО «Союз женщин интеллектуального труда», Алматы, 2008.

3. Мониторингке дайындық және оған қатысушыларды даярлау

3.1. Мониторингпен басқару жүйесін құру

Басшылық өкілдерінің алдыңғы ұсынған бөлімдерінде мониторинг жүргізу үшін институционалды негіздің мәліметтері Білім және ғылым министрлігі жанындағы балалар құқығын қорғау Комитеті департаменті және жергілікті атқарушы мекемелер аясында балалар еңбегі мониторингі ұйымының жетістіктерін көрсетті.

Ескеретіні, яғни бірқатар танымал құрылымдар қазірдің өзінде балалар құқығын қорғау департаментіне шешімдерін енгізген, оның ішінде ерекше атап кететіні өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға әлеуметтік қызмет көрсету жұмысымен қамтамасыз етуге байланысты. Сонымен қатар, департаменттердің ұйымдастыру құрылымына мониторинг бөлімшелері және ақрапаттық-аналитикалық қызметтер кіреді, яғни қазірдің өзінде жұмыстың ең жаман түріне тартылған балаларды тауып оларды есепке алу жұмыстарымен айналысады. Сонымен бірге, департамент қызметкерлері кейбір өкілеттілікті атқармайды, яғни балалар еңбегі мониторингін толық қанды жүргізу үшін. Бұған қатысты, басты кезекте немқұрайлы еңбек секторындағы жұмыс берушінің еңбек құқығы қауіпсіздікке байланысты жоспарлы инспекторлық тексеріс жүргізеді.

Екінші жағынан, көптеген қызметтер, бұрын жұмыс істейтін балаларға бағыт-бағдар беруге байланысты, ол жергілікті атқарушы органдарға қатысты. Осыны есепке ала отырып балалар еңбегі мониторингі олардың маманданған бөлімшесінің бірінің аясында құрылуы мүмкін, мысалы білім басқармасы (бөлім), әлеуметтік бағдарлама және қызмет көрсету басқармасы (бөлім). Сонымен бірге, жоғарыдағы бөлімдерде айтып өткеніміздей, жергілікті атқарушы органдар аясында (Астана және Алматы ққ, обыстары) кәмілеттік жасқа толмаған жеткіншектер ісі туралы ведомство аралық комиссия құрылып жұмыс істеуде. Ал осы комиссия аясында балалар еңбегі мониторингі туралы координация ұйымының қызметі ұйымдастырылуы мүмкін.

Балалар еңбегі мониторингінің кез-келген нұсқасында жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері, жергілікті халықты әлеуметтік қорғау және бақылау Комитеті жөніндегі мемлекеттік инспекция, кәсіподақтар ұйымының қоғамдық инспекциясы, сонымен бірге жұмыс берушілер бірлестігінің өкілдерінен тұратын балалар құқығын қорғау департаментімен қызметтес болуы керек. Сонымен, мониторингті жақсы ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдары мен маманданған мемлекеттік ұйымдардың бар мүмкіндігін пайдалану маңызды. Мұндай жағдайда немқұрайлы түрде болса да қатысушы екі жақ бірігіп жұмыс істеу координациясы туралы арнайы ұйым құру үшін ортақ меморандум бекітулері керек. Сондықтан координация қызметі нақты механизм аясында пайда болады, мысалы кәмілеттік жасқа толмағандардың ведомство аралық комиссиясы. Осы жағдайда координациялық мекеме келесі құрылымдарға бөлінеді:

- мониторинг үрдісін басқару;
- қайта бағыттау жүйесінің координациясы;
- мониторингті ұйымдастыру үшін қажетті шикізатпен қамтамасыз ету;
- мониторинг нәтижесін және оны жақсарту мүмкіндіктеріне қатысты мерзімді баспасөз есептерін қарастыру.

Басты ескеретін жәйт, яғни координациялық мекеме мониторинг жүргізген кездегі алынған нәтижесіне байланысты балалар еңбегі мониторингі механизміне және ақпаратқа қатысты міндетті шеше алады.

Жалпылай, Қазақстанда балалар еңбегі мониторингін ұйымдастыру үшін екі нұсқаны ұсынуға болады. Бірінші жағдайда балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жерлерде мониторинг жүргізуді Астана және Алматы қалалары, облыстары деңгейінде балалар құқығын қорғау туралы департамент құрылуы мүмкін. Аталмыш нұсқа тәжірибе жүзінде бар және қазіргі күнде балалар құқығын қорғау Комитеті балалар еңбегіне қатысты ақпараттық сараптама жинауда. Балалар еңбегі мониторингін ұйымдастырудың келесі нұсқасы ол аудандық немесе елді мекендегі жергілікті атқарушы орган тарапынан ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ең бастысы, яғни жекелеген аудан немесе елді мекендерден балалар еңбегіне қатысты алынған ақпараттар балалар құқығын қорғау департаментінің ортақ базасына келіп түседі.

3.2. Мониторинг жабдықтарын өңдеу

Балалар еңбегі мониторингін ұйымы оны жүргізу үшін кейбір жабдықтарын өңдеуді талап етеді. Халықаралық тәжірибеде көрсетілгендей мониторингке қатысушылар жұмысы үшін мұндай жабдықтарды өңдеу өте пайдалы деп көрсетілген, оның мақсаты мен міндеті, мониторинг жоспары, мониторинг іс-шараларын жүргізетін жұмысшы, бұрын өте жаман түрдегі балалар еңбегіне тартылған балаларға жүргізілген және бағыт-бағдар берген жұмыстардың нәтижелерін толтыру. Бұл құжаттар мониторингке қатысушылардың жұмысын жеңілдетіп және үрдістің қалыпты болуын қамтамасыз етеді. Осыны ескере отырып, Басшылық авторлары осындай мәселеге қатысты мысалдарды өңдеп және қосымшалар ретінде енгізген болатын. Мұнда айта кету керек, яғни ХЕҰ Басшылығы жалпы талаптың сапасына сай қажетті мәселені көрсетеді, оның көрінісі келесі ақпаратта: 1) еңбек ететін бала туралы; 2) ол жұмыс істейтін орын және жағдайы; 3) ол бағытталған білім беру ұйымы немесе әлеуметтік қызмет көрсету орны. Сонымен бірге ХЕҰ басты құжаты жалпыға көңіл аударып, яғни қарапайым және пайдаланғанда түсінікті болу керек, онда жұмыс істейтін балалардың жас мөлшері топтастырылып және гендерлік ерекшелігі көрсетілуі тиіс. Осындай жабдықтарды жасап шығару мүмкіндігі, яғни ақпарат жинау барысында гендерлік ерекшеліктерін есепке алу, жұмыс істейтін балалардың талабын есепке алып және оларға қажетті түрде бағыт-бағдар беруге бақылау болады.

Жақсы жұмыс жүргізудің негізгі айғағы - балалар еңбегі мониторингі нәтижесі бойынша жиналған ақпараттарға сараптама жасап және қажетті шаралар қолдануды қабылдау, сонымен бірге оны тәжірибе алмасуға беру. Бұл туралы нақты мысалды «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығын қорғау саласындағы негізгі көрсеткіш» атты Жинақтан келтіруге болады, яғни қазіргі таңда балалар еңбегін қанау және олардың мектепке қатынауы туралы балалар құқығын қорғау Комитетінің мәліметтері бар. Балалар еңбегі мониторингінің нәтижесі туралы ақпарат жоғарыда айтылып өткендей осы мәселенің маңызды құралы болу керек.

3.3. Жұмыс істейтін балаларға бағыт-бағдар беру қызметі бойынша анықтау және дамыту

Жоғарыда айтылып өткендей балалар еңбегі мониторингінің (мемлекеттік бақылаудан негізгі айырмашылығы) еңбек заңнамасының талаптарын орындаудағы мемлекеттік бақылаудан негізгі айырмашылығы балаларға олар бұрынғы жұмысынан шығып қалған жағдайда альтернатив тауып беру. Жұмысын ауыстыру шынында да жүзеге асу үшін білім беру, әлеуметтік-медициналық, құқықтық қызметтерінің жүйесі болуы қажет. Сонымен қатар, бұрын жұмыс істеген балаларға және олардың отбасына қол жетімді жұмыс орнына орналастыру қызметі болуы қажет. Сондықтан мұндай жүйенің балалар еңбегінің мониторингі кезеңіне дейінгі анықталғаны маңызды және ары қарай шыққан мәселелер қажеттіліктерді есептей отырып жүзеге асыру керек.

Жалпы бұл мәселелер нақты түрде берілген, жеткіншектердің бесінші бөлім шеңберінде қаралады. Берілген материал бағыт-бағдарын ауыстыру мақсатында қызметтердің тізімін анықтауда негізге алынуы мүмкін және жүзеге асуы үшін қажетті істерге жалпы келушілік үшін пайдалануы мүмкін. Бұл жағдай да кілттік рөлі, балаларды қорғау құқығы бойынша департаменттің жауапты қызметкерлері орындайды. Бұл жерде атап кеткендей бір жәйт ХЕҰ жетекшілігінде жұмыс істейтін балаларды

- заңнамамен бекітілген жұмыстың лайық түрлеріне жұмыс істейтін балалардың жасы минимальды жастан кем болмауы тиіс;
- балалардың жұмыс уақытының ұзақтылығы заңнамалық нормадан бекітілгеннен жоғары;
- қауіпсіз жағдайлардағы жұмыс;
- жұмыс істеу барысында денсаулыққа айтарлықтай зақым келтіріп, зиян келтіру жұмыстары;
- балаларды қанау түрімен жұмыс істету;
- жұмыста балалармен жаман қарым-қатынастағы немесе ол жұмыс орнында денсаулық жарақатына ұшырау мүмкін деуге әбден негіз бар.

Сол себепті мәжбүрлі және еркінен тыс жұмысқа жыныстық зорлық-зомбылыққа балаларды саудалау секілді балалар еңбегінің өте жаман түрлеріне тартылған балаларды шығарып алу және оларды басқа жұмыс орнына ауыстыру. Бұл жағдайда оларды бұрынғы жұмыс орнынан тез арада шығару керек және оларға құқықтық және әлеуметтік-медициналық қызметтер көрсетілуі керек.

3.4. Мониторингтік топтарды ұйымдастыру

Халықаралық Еңбек Ұйымының жетекшілігінде көрсетілгендей балалар еңбегінің мониторингін өткізу үшін қажетті құралдар және қызметкерлерді қалыптастыру керек. Олар ары қарай лайықты дайындықтан өтулері қажет. Олардың негізгі рөлі – кәмілеттік жасқа толмаған балалардың мүмкіндік шұғылданатын жұмыс орындарына бару арқылы балалар еңбегінің мониторингін өткізу. Жалпы жағдайда топтардың үш түрі анықталып отыр:

- балалар еңбегінің мониторингі жанындағы кәсіпкер мамандар;

- талапқа сай инспекциялық қызметкерлер мен құқық қорғау өкілдерінің аралас топтары;
- қауымдастық деңгейінде мониторингті өткізу үшін құрылған топтар.

Бірінші түрі көп қаржыны қажет етеді, соның ішінде кәсіптік мамандардың мониторинг жұмысын дайындау және төлеу деген секілді. Екінші топ мұндай командаларға әр түрлі мамандарды және мекемелер мен ұйымдардың назарын аударуға негізделген сектор аралық жақындықты ұсынады. Сонымен бірге ең соңғы үшінші топ қоғамдық және жергілікті өзін өзі басқару дәстүрлі жақсы мемлекеттерге сай. Қазақстан жағдайына балалар еңбегінің мониторингін өткізудің ең лайықты екінші типтегі топтарды құру болып табылады. Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша балалар еңбегі мониторингісінің тәжірибесін өткізуде осы мониторингтік топтардың екінші типіне компитентті ұйымдардың өкілдерінің қатысуы мен өткізілуге жағдай жасалғандығы жарияланды. Сонымен қоса балаларды мектеп сабақтарына баруын қадағалайтын мониторингті өткізу үшін ведомство аралық топтарды құруға деген қажеттілік жоқ. Жоғарыда айтылғандай балалар еңбегі мониторингін өткізу үшін топтарды құру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын балаларларды қорғау департаменттері немесе жергілікті атқарушы ұйымдар өз мойнына алады. Балалар еңбегі мониторингін өткізуде топ қатысушылары әр түрлі рөлді орындауы мүмкін.

Балалар еңбегінің мониторингін өткізу жағдайында ұйымдардың, кәсіптік мекемелердің және жеке-меншік кәсіпкерлердің инспекциялық тексеріс негізінде еңбек инспекторларының рөлі маңызды болып табылады.

Балаларды қорғау департаменттерінің қызметкерлері балалар еңбегінің мониторингінің нәтижесі бойынша алым және тіркеуді қамтамасыз етеді және қажетінше жұмыс істейтін балалардың жұмыс орнын ауыстырумен қамтамасыз етеді. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ісі бойынша ішкі істер мекемелерінің инспекторларының қатысуы балалар еңбегінің өте жаман түрлеріне байланысты жағдайда маңызды рөл атқарады. Дәрігерлік қызметкерлердің қатысуы еңбек қызметін жүзеге асырумен байланысты балалардың дамуының және олардың денсаулығына қауіп-қатер төндіретін зияндардың алдын алуға көмектеседі. Білім беру мекемелерінің және мемлекеттік емес арнайы ұйымдардың өкілдері сауалнама өткізу кезінде ерекше пайдасы тиетін мол тәжірибеге ие болады. Төмендегі 3.1. кестеде мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметкерлерінің хабардарлық міндетін немесе тәжірибесіне сай балалар еңбегі мониторингіне жатқызылатын нұсқаулардың біреуі келтірілген.

Кесте 3.1. Балалар еңбегі мониторингін ұйымдастыру тәжірибесі және хабардарлық

Мемлекеттік ұйым немесе мекеменің атауы	Балалар еңбегі мониторингін ұйымдастыру тәжірибесі және хабардарлық
Балалар құқығын қорғау департаменті	– Өмірдің қиын жағдайына түскен балаларға көмек көрсету мәселесімен айналысатын координация қызметтері – Қазақстан Республикасының заңнамасы және бала құқығы туралы Конвенциясының талаптарына сай, барлық жас мөлшеріндегі балаларға қатысшы іс-шараларға бақылау жасау кешенінің атқарар қызметтері

Мемлекеттік ұйым немесе мекеменің атауы	Балалар еңбегі мониторингін ұйымдастыру тәжірибесі және хабардарлық
ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау жергілікті министрлігінің әлеуметтік қорғау және бақылау департаменті	– Еңбек заңнамасын ұйымдастыруды қадағалау үшін мемлекеттік бақылау орнату – Кәмілеттік жасқа толмағандардың еңбекке тартылуына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық ісін қарау
Департамент, ішкі істер бөлімі (Кәмілеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі полицияның учаскелік инспекторы)	– Тексеріс жүргізіп және әкімшілік құқық бұзушылық ісіне қатысты хаттама толтыру, ол кәмілеттік жасқа толмағандарды қылмысқа қарай итермелейтін, яғни жыныстық қатынас мәтіндегі өнімге байланысты болуы керек – Еңбекке тартылған жас балаларды ата-анасына, қамқоршысы (қамқорлыққа алушы) қолына тапсыру – Үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қараусыз қалған балаларды уақытша бейімделу орталығына тапсыру, сонымен бірге ата-анасының немесе оларды ауыстырып отырғанның қамқоршысынсыз қалғандарды
Білім беру бөлімдері мен басқармасы	– Себепсіз мектепке немесе басқа да оқу орындарына бармай жүрген кәмілеттік жасқа толмағандарды іздестіріп және оларды есепке алу
Денсаулық сақтау бөлімдері мен басқармасы	– Кәмілеттік жасқа толмағандардың еңбекке тартылуына байланысты денсаулығын зақымдағанын анықтау тәжірибесі
Кәсіподақтар	– Еңбекті қадағалау туралы талаптарды қадағалау үшін қоғамдық бақылау орнату
Мемлекеттік емес ұйымдар	– Рейдтік тексеріс және әртүрлі жоба шеңберіндегі балалар еңбегі мониторингін жүргізу тәжірибесі

3.5. Мониторингке қатысушыларды оқыту

Балалар еңбегі мониторингісіне дайындық аясындағы дайындыққа қатысушылардың мойнына жүктелген міндеттерді сәтті орындау үшін бағытталған. Соның ішінде олардың оқу үрдісі балалар еңбегі мониторингтің болашақ қатысушыларында келесілерді негіздеуге бағытталған:

- Мониторингті жүргізудің барлық үрдісінде жақсы базалық білім;
- Оны жүргізудің негізгі қағидалары мен тапсырмаларын түсіну;
- Мониторингтің өткізілетін орындарымен байланысты икем мен дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде жұмыс істейтін балаларды анықтау және олардан сауалнама алу;
- Мониторингтік топқа қатысушылар практикалық жұмыс барысында әр түрлі қиын жағдайларға ұшырауы мүмкін, сол үшін олар әртүрлі қиындықты сезіне білу қабілетінде болулары керек;
- Баланың құқығына қатысты, балалар еңбегінің гендерлік аспектісі, сонымен қоса жұмыс істейтін балалардың мәселесіне қатысты сұрақты түсіне білу қажет.

Қазіргі уақытта балалар еңбегі мониторингісінің мәселелері бойынша оқыту үшін бірқатар құралдар жасалған, олар Қазақстанның мониторингке қатысушыларына да қолжетімді болып отыр. Ең алдымен, балалар еңбегі мониторингісінің механизмін жасауға байланысты оқыту мәселелері үшін құрыл ретінде берілген Басшылық пайдаланылады. Осы мақсатпен Басшылық қосымшаның бірі ретінде трениндік материал қосылған, ол балалар еңбегі мониторингісін ұйымдастыруда аймақтық және жергілікті деңгейде дайындауға бағытталған. Екіншіден, ХЕҰ ИПЕК шеңберінде балалар еңбегі мониторингісін ұйымдастыру бойынша оқыту материалдары дайындалған, оған мониторингтік топтардың қатысушыларын дайындау, және жаттықтырушылар үшін жаттығулар да қарастырылған.

Мониторинг топқа қатысушыларды оқыту жағдайында оқытудағы төмендегідей маңызды мәселелерді қарастыру керек: шұғылданатын жерлерінің түрлерінің әр түрлілігіне байланысты кәмілеттік жасқа толмаған балалардың еңбек ету шарттарына баға беру; жұмыс істеуші балаларды анықтау бойынша тіркеу және есепке алу; балалардың дамуы мен құлықтылығына, денсаулығына қауіп келтіретін бұрынғы жұмыс орнынан басқа жұмыс орындарына ауыстыру бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі. Басшылыққа енгізілген жаттығудағы материалдарды оқытуды жүргізудің кез-келген шарттарында балалар еңбегі мониторингісін ұйымдастыруға жауапты мемлекеттік органға мониторингтік топқа қатысушыларға арнап берілген мәселелер бойынша қысқаша бағыттық курсы мониторингтің бар құралдарын қалай қолдану керек деген секілді сұрақтарды ұйымдастыру және өткізуге мүмкіндік береді. Әрине, балалар еңбегі мониторингісін өткізу үшін топтарды дайындаудың мұндай жеңілдетілген нұсқасы жеткілікті түрде дайындалған және жоғары дәрежелі мамандар тобын дайындауды қажет етеді.

3.6. Мониторинг жүйесінің сыннан өтуі

Балалар еңбегі мониторингісі ұдайы қолданыстағы және жаңа құрал ретінде қолдану үшін оның сыннан өтуін қажет етеді. Халықаралық еңбек ұйымы Басшылық жағдайында сыннан өткізудің маңыздылығы мониторинг нәтижелері келесі тәжірибесінде анықталған: 1) балалар жұмыс істейтін орындарды балық күш жігермен тексерулер жүргізу; 2) лайықты жағдайда жұмыс істейтін балалардың жұмысын басқа жаққа бағыттау іс шараларын жүргізу қажет. Жоғарыда келтірілген нәтижелердің біріншісін тестілеу есеп берудің дайын формуласын қолданып көру құрылған мониторинг топтардың қатысушыларының қарым-қатынасын және жұмысын бағалауға, балалар еңбегі мониторингісін ұйымдастыру және өткізуде неғұрлым тиімді ақпарат қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Екінші элементті тексеру бұрынғы жұмыс орнынан шығарылған балаларды басқа жолға бағыттайтын әлеуметтік қызметтердің қалай жүргізілгенін тексеру, барлық әлеуметтік қызметтерді пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыру, қосымша альтернативтердің қажеттіліктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүйесін сыннан өткізу нәтижелері бойынша балалар еңбегі мониторингісін ұйымдастыру және жүргізуге қатысушылардың тарапынан міндетті өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мысалы, ол есеп беру формулаларында өзгерістер бұрын балалар еңбегінің өте жаман түріне тартылған балалардың жұмыс басқа жаққа бағыттау бойынша әлеуметтік қызметтерін анықтау болуы мүмкін. Алайда, анықталған әлсіз орындар мен тосқауылдар биліктің орталық органдары мен жергілікті атқарушы органдары

деңгейінде лайықты өзгерістердің нәтижесін талап етуі мүмкін. Мысалы, ол белгілі жұмыс түрлеріне байланысты балалар пайдалануда тыйымдардың бекіту немесе алу балалар еңбегінің ең нашар түрлеріне балаларды тартқан тұрғаларды жауапкершілікке тарту, жұмыспен қанау кезінде зардап шеккен балаларға қажет қызметтер мен қамтамасыз етумен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда мониторинг жүйесін сыннан өткізу нәтижесі бойынша нақты, іске сай әрекеттерді балалар құқығын қорғау департаменті ұйымдастыру керек.

4. Балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жерлерде мониторинг жүргізу

4.1. Балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жерлер

Балалар еңбегі мониторингісін ұйымдастыру және жүргізуге топқа қатысушылар оқытудан кейін мониторингті іске асырудың өзі де дайын болады. Ең бірінші кезекте мониторингке қатысатын балалардың жұмыс істейтін орындарының алдын-ала дайындық жұмыстарының тізімін құрастыру керек. Соның ішінде, олардың орналасу орны, үйден қашықтықтағы мониторинг топқа қатысулар үшін олардың қол жетімділігі, жұмыс берушілер туралы алдын-ала анықтама, берілген объектідегі еңбек ету шарттары мен жұмыс түрлеріне қатысты болады. Балалар еңбегі бойынша алдын-ала анықтаманың болуы Балалар еңбегі мониторингісін тиімді өткізудің, соның ішінде белгілі аймақ бойынша балалар еңбегінің ауқымдылығын және балалар еңбегін пайдаланудағы негізгі орындарды және жұмыс жағдайларын анықтаудағы жалпы бағалау үшін ең маңызды алдын-ала шара болып табылады. Мысалы, осы мақсатпен алдын-ала зерттеу өткізілуі мүмкін. Соған сәйкес, 2006 жылғы Қазақстан Республикасының статистикасы бойынша Агенттігі мен ЮНИСЕФ тарапынан жүргізілген «Мульти-индикаторного кластерного исследования» нәтижесі бойынша Қазақстандағы 14564 үй шаруашылығында 5-14 жас аралығындағы балалардың 2,2% пайызы жеке қожалық жұмыс, отбасылық кәсіпкерлік және үйден тыс жұмыстар секілді еңбек әрекеттерінің әртүрлі саласына тартылғандығы туралы мәлім болады. Алдын-ала ақпаратты мемлекеттік және қоғамдық еңбектің инспекторларынан, прокуратура қызметкерлерінен, ішкі істер органдарынан, егер олар балалар құқығын қорғау бойынша қызмет көрсету саласында тексеріс жүргізген жағдайда алуға болады. Мониторлардың барысын өткізуге алдын-ала дайындық бұқаралық-ақпарат құралдарында жариялаған мақалалар негізінде жүргізілуі мүмкін, лайықты мемлекеттік мекемелерге жеке тұлғалардың үндеуіне және балалар құқығын қорғауға мамандандырылған үкіметтік емес ұйымдардың үндеулеріне негізделуі мүмкін.

Бірінші кезекте, экономиканың немқұрайлы немесе немқұрайлы емес секторларында балалардың шұғылдану айырмашылықтарын өткізу керек, себебі мониторингті бірінші жағдайда өткізу неғұрлым регламентті сипат алады. Бұл жұмысшылардың негізгі бөлігі жазбаша келісім бойынша жұмыс істейтін ұйымдар мен кәсіптік мекемелерге қатысты. Мұндай жұмыс орындарының мониторингісі инспекциялық тексерісті өткізудің заңнамалық регламенттік ретіне лайық немесе жұмыс берушінің ерікті келісімі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда мақсатқа балалар еңбегі мониторингісін жоспарлы немесе жоспардан тыс инспекциялық тексеріспен қиыстыру арқылы жетуге болады, ол арнайы дайындалған еңбек инспекторлары немесе еңбекті қадағалаудың қоғамдық инспекторларымен жүзеге асырылады. Мысалы, балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жұмыс орнына мемлекеттік және қоғамдық инспекторлар жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс жүргізген жағдайда, тексеріске мониторингтік топтың қатарынан қосымша қатысушыларды тарту мәселесін шешу керек. Егер де белгілі бір себептерге байланысты практикада мұндай бағыт жүзеге аспаса, Балалар еңбегі мониторингісі еңбекті қорғау талаптарын орындау бойынша инспекциялық тексеріске кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда Балалар еңбегі мониторингісін өткізудегі жасалған құралдарды пайдаланатын мемлекеттік және қоғамдық инспекторларды дайындау қажет.

Сонымен бірге, тәжірибеде көрсеткендей Қазақстандағы көптеген балалар базар, қоғамдық тамақтану, көше саудасы, қоғамдық көлік, ауыл шаруашылық плантациялар және т.с.с. жерлерде немқұрайлы емес шарттары бойынша еңбек етеді. Балалардың мұндай жұмыс орнына мониторлардың қолжетімділігі әрқашанда регламентті сипат алады және көп жағдайда олардың жолығулары инспекциялық тексеріс сипатындағыдай ұйымдастыруды қажет етпейді. Алайда, бұл жағдайда да практикада бақылаушы мемлекеттік мекемелердің тексерісіне қатысты жеке кәсіпкерліктің субъектісін қорғау бойынша талаптардың бұзылуына байланысты мәселелер тууы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын-алу үшін лайықты мемлекеттік мекемелерде және бұқаралық-ақпараттық құралдарында ақпараттық түсіндірмелі жұмыстар жүргізілуі керек, яғни ол мониторлардың ресми түрде жолығулары заңнамалық регламенттік тәртіпке сәйкес инспекциялық тексеріс емес, балалардың құқығын қорғау бойынша таза мониторингтік сипат алуға бағытталғандығын түсіндіру болып табылады. Одан басқа балалардың маңызды бөлігі үй шаруашылығымен айналысатынын есепке алсақ бұл жағдайдағы мониторлардың балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жұмыс орнына деген қолжетімділік шектеулі болады. Себебі бұл жеке мүлікті қорғау және жеке өмірге заңсыз араласумен байланысты. Үй шаруашылығына байланысты мониторлар балалар еңбегін қанау туралы жеке тұлғалардың үндеуі арқылы, үкіметтік емес ұйымдар, оқу орындарының әкімшілігі арқылы білуіне болады.

Сонымен бірге, үй шаруашылығына байланысты балалар еңбегі мониторингісін өткізу мониторингтік топтарға кәмілеттік жасқа толмаған балалардың ісі бойынша инспекторлардың тартылуы талап етіледі. Ал жалпы алғанда балаларды саудалау, кәмілеттік жасқа толмаған балаларды жыныстық қызмет көрсетуге мәжбүрлеу секілді балалар еңбегінің өте жаман түрлеріне байланысты жұмыс орындарында болу әрекетте балалар еңбегі мониторингісін кәмілеттік жасқа толмағандардың ісі бойынша инспекторлар немесе полиция бөлімінің учаскелік инспекторларымен бірге өткізілуін талап етеді.

4.2. Жұмыс орындарындағы мониторинг

Мониторлардың объектіге ресми түрде жолығулары барысында жұмыс берушімен немесе оның жауапты қызметті адамымен кездесу ұйымдастырылады, кейбір объектілерде, мысалы арнайы тексеріс кезінде мониторингке қатысушыларға осындай адамдарды іздеу үшін және оларды ресми түрде жолығудың мақсатымен таныстыру үшін белгілі уақытты талап етуі мүмкін. Ары қарай балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жұмыс орнына ресми түрде баға беріледі, және кәсіпкерлік немесе ұйым жағдайында алдын-ала жұмыс берушіден сауалнама алынады. Егер мониторинг шұғылданудың бейресми объектілерінде, ауылшаруашылық объектілерінде өтсе жұмыс берушінің рөлінде ата-анасы, туыстары немесе көршілері шығатынын ескеру керек. Мониторинг объектісінде жұмыс істейтін балалар анықталған жағдайда, олармен байланыс орнатылады және олардың жасын және жұмыс істеу шарттарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіледі. Практикада балаларға сауалнама жұмыс берушінің қатысуынсыз жүргізілгені маңызды, себебі жұмыс беруші тарапынан кәмілеттік жасқа толмаған жеткіншекке қысым көрсетілуі мүмкін. Соңғысы егер балалар – бала еңбегінің ең жаман түрлеріне тартылған болса, соның ішінде еркінен тыс жағдайда немесе ұрып-соғып қорлау қаупінде болған жағдайда ерекше маңызды болып есептеледі. Жұмыс істейтін балаларға сауалнама, балалар ісі бойынша маманданған


мамандармен жүргізілуі қажет. Халықаралық еңбек ұйымы Басшылығы сауалнама кезінде гендерлік аспектілерді есепке алу керектігіне назар аударады: кейбір жағдайда әйел жынысты мониторлар қыздармен, ал еркек жынысты мониторлар ұлдармен әңгіме өткізу неғұрлым дұрыс болып саналады.

Объектілерде жұмыс орындарын зерттеу нәтижесі бойынша жұмыс істейтін балалар анықталған жағдайда, балалармен, олардың жұмыс берушілерімен және бірге жұмыс істейтін тұлғалармен сауалнама өткізуі мониторингке қатысушыларының еңбек шартына, бала еңбегінің ең жаман түрлерін анықтау дерегіне немесе кәмілеттік жасқа толмаған жеткіншектердің еңбегін пайдалануға қатысты басқа да құқық бұзушылықтарға алдын-ала бағалау жүргізіледі. Белгілі бір жағдайларда олар жұмыс орындарынан тез арада балаларды шығару керек және оларды ата-аналарына немесе асырап алған қамқоршыларына тапсыруды ұйымдастырулары қажет. Әйтпесе, мұндай тәсілді қолдану балаларды бала еңбегінің ең жаман түрлеріне тартқан кезде және бекітілген ең төменгі жастан жұмыс істейтін баланың жасы кішкентай болған жағдайда қолданылады. Сонымен қатар, полиция бөлімінің инспекторлары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері жұмыс берушіден кәмілеттік жасқа толмаған жеткіншектердің жұмыс істеу әрекетін тоқтатуды және істеп жатқан жұмысы денсаулығына және өміріне қауіп төндіретін жағдай тудырса, онда оларды үйлеріне қайтаруды талап ете алады. Сонымен бірге берілген шараны жүзеге асыру үшін жұмыс істейтін балалардың ата-анасы немесе немесе баланың туыстары шығады. Бұл жағдайда, еңбек әрекетінен шыққан балаларды, яғни олардың мәселесі түпкілікті шешілгенше ары қарай жақсы өмір сүруін қамтамасыз ететін шараларды қолдану керек.

Балаларды еңбек әрекетінен шығаруды керек етпейтін, алайда олардың жұмыс істеуіне байланысты денсаулығына әлі де болса қауіп төнетін жағдайда оларды еңбектенудің қауіпсіз шарттарымен қамтамасыз ету шарттары қарастырылады. Лайықты шаралар: басқа жұмыс орнына ауыстыру, жұмыс уақытының ұзақтылығын және жұмыс кестесін өзгерту, жұмыс орнының жағдайын жақсарту, т.с.с. болуы мүмкін. Бұл мақсатта жұмыс берушімен және жұмыс істейтін балалармен іс-шаралар атқарылады. Келесі қадам ретінде балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жұмыс орындарында мониторлардың болуы нәтижесі бойынша бала еңбегі мониторингісінің қорытындылары шығады.

Бұл мақсатпен оның негізгі қорытындылары мен нәтижелері жұмыс беруші немесе жұмыс істейтін балалардың ата-аналарымен талқыланады, соның ішінде балаларға толық білім беру үшін балалардың еңбектенудің қауіпсіз шарттарымен қамтамасыз ету бойынша іс-әрекеттері талқыланады. Бұл кезеңде мониторингке қатысушылар өздерінің жұмыстарының нәтижелерін және іс-сапарды аяқтағаннан кейінгі қолданылу керек шараларды алдын-ала талқыға салады. Берілген талқылау мониторинг нәтижесін толтыру кезінде есепке алуды жүргізудің негізі болып табылады және ол еңбектену әрекетінен шығарылған балалардың бағытын ауыстыру бойынша қабылданатын шараларға негіз болып табылады. мысалы, мәселелердің тізімі мұндай есеп берудегі, берілген Басшылықтың II-ші мазмұнына қосылған. Толтырылған есеп бері түрлері кейін балаларды қорғау департаменттеріне жіберілуі керек, олар алынған ақпараттарды ары қарай өңдейді және нәтижесін шығарады, және қажетінше балалардың дұрыс оқу үрдісіне оралуын және оларға реабилитациялық көмек бойынша арнайы қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді.

**Сурет 4.1. Балалар еңбегін бар ынтасымен пайдаланатын жерлерде
мониторинг жүргізу сызбасы**



5. Мониторинг нәтижесі туралы басқа шараларды жүзеге асыру және бағыт-бағдар беру

Мониторинг жүргізу бойынша балалардың өте жаман түрдегі еңбекке тартылуы немесе олардың денсаулығына зиянын тигізетін жұмыспен айналысуы туралы мәліметтер кездескен жағдайда міндетті түрде жұмыстың мұндай қанау түріне тартылған балалар анықталады. Мұндай жағдайда оның алдын алу үшін қажетті түрде көмек көрсетіледі. Бұл жалпы алғанда жұмысқа тартылған балаларға бағыт-бағдар беру деп аталады. Институционалдық негіздің екінші бөлімі аясында Басшылық мұны атап көрсетті, яғни бұл балалар құқығын қорғау департаменті құзырына жатады. Балалар еңбегі мониторингісінің аясында жүзеге асырылған шаралар балалардың жұмысқа тартылу орындары нәтижесінің сараптамасы негізінде анықталады, ол мониторинг өкілдерінің есебіне сай көрсетіледі. Бұдан әрі балаларға қандай көмек көрсету керектігінің нақты белгісі айқындалады. Кейбір жағдайда балалар құқығын қорғау департаментіне балалар әлеуметтік қызмет көрсету немесе арнайы ұйымдардың жұмысқа сай қызметтері арқасында бағытталуы мүмкін, ал келесі бір жағдайда құзіретті мемлекеттік орган қызметкерлері тарапынан болған тексеріс салдарынан іске асуы да мүмкін. Сонымен 5.1. кестеде мемлекеттік органның, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының және арнайы ұйымдардың мысалдары келтірілген.

Қорытындылай келгенде бағыт-бағдар беру аясында жүргізілген іс-шаралар бойынша балалар өздері қиындық көрген ортаға қайта оралмауы керек. Еңбекпен қанау барысында көптеген бұрын жұмысқа тартылған балалар әртүрлі дене және психологиялық зардап шегулері мүмкін, сондықтан олар медицина, психология және психотерапевт саласындағы кәсіби мамандардың көмегін қажет етеді. Ал кейбір жекелеген жағдайда мұндай балалар бұрынғы жұмыс берушілері тарапынан жәбір көру себебінен құқықтық көмекті де қажет етеді. Ал мұндай көмекке зәру болған жағдайда балалар бұрын айналысқан жұмыстарына қайта оралулары әбден мүмкін. Осындай жағдайда бұрын өте жаман түрдегі еңбекке тартылған балаларға қызметке араласудың альтернативті түрін ұсынған жөн, мысалы қандайда бір жеңіл түрдегі жұмысқа орналастыру. Мұндай жағдайда кәмілеттік жасқа толмағандарға немесе жағдайы нашар жанұяларға талапқа сай әлеуметтік жәрдем ақы арқылы көмек көрсетілуі тиіс. Көп жағдайда бұрын жұмысқа тартылған балаларға бағыт-бағдар берілген соң олар мектепке, лицейге, колледжге барып оқуын жалғастыру үрдісінің қалыпты жағдайына түседі.

Еңбекке тартылған балаларды тауып бағыт-бағдар беруді мемлекеттік мекеме тарапынан жүргізіледі. Сонымен 5.1. кестеде негізгі мемлекеттік органдар келтірілген, онда бағыт-бағдар беру құрылымдары да көрсетілген. Сауалнама алған құзіретті мемлекеттік орган кәмілеттік жасқа томаған жеткіншектерді өздеріне тиесілі көмек алу үшін қандайда бір заңға сай мекеме қарамағына тапсырады. Ал 5.2. кестеде балаларға қызмет көрсету ұйымдары мен жұмысы туралы ақпарат келтірілген. Ескеретін жәйт, ол қандайда бір мемлекеттік органға тәуелді емес мемлекеттік емес ұйым немесе балалар шығармашылығы үйлері болуы мүмкін. Мектепке қайтару үшін, емханадан дәрігерлік көмек алу үшін мұндай ұйымдарға мемлекеттік мекемелердің араласуының керегі жоқ. Мұнда талас тудыратын бір мәселе тіркеу құжаты жоқ мигрант балалар, оларға бағыт-бағдар беруді мемлекеттік мекемелерге қарайтын ұйымдар мен қызмет көрсету орталықтары жүргізеді.

Кесте 5.1. Бағыт-бағдар беруге байланысты мемлекеттік мекемелердің құрылымы

